



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Ел аузынан шығып, халық санасында қалыптасып күні бүгінгі дейін қалпын сақтап, жетіп отырған мақал-мәтелдерде тілдік құрамның бір бөлігі. Осы зерттеу жұмысында қаралған жан-жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің тілінде де, тарих саханасында бағзыдан бері көшпелі халық образында орын алып келген қазақтың ата кәсібі – мал шаруашылығының қыр-сырын жетік білген, ұлттық ерекшелігіміз көрініс тауып тұр. Сөз күдіретін түсіне білген халықтың әрбір ауыз сөзінен оның ұлттық мәдени сипаты айқын көрінеді. «Тіл халық рухының сыртқы көрінісі іспетті: тіл – халық рухы, халық рухы – тіл. Бұлардан өзге бір-біріне соншалықты етене жақын нәрсені елестетудің өзі мүмкін емес» – дейді В. Гумбольд. Егер тарихымыздан тыс қалмай, ұлтымызды ұлықтап, рухымызды биік ұстап, елдігімізге кір келтірмейміз десек, бірінші кезекте ана тілімізді, сол тілімізбен жеткен асыл қазынамызды ардақтай білуіміз керек. Ол үшін тілдік тұрғыда зерттеу жұмыстарын талмай жүргізу керек. Осы тақырыпты негізге ала отырып, төрт-түліктен басқа да ұлттық сипатымызды айқындайтын жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдерге зерттеу жұмыстары көбірек жүргізіліп, арнайы жинақтар жарық көрсе екен дейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ғ.Жандыбаев «Сөз мәйегі». Алматы, 1998 ж.
2. С.Қасымова «Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі. Автореферат. Астана, 2009 ж
3. Г.Сағидолда «Адам: Тіл: Мәдениет» үштігінің тілтанымдық тұғыры.
4. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» Алматы, 2008 ж.
5. Б.Адамбаев «Халық даналығы». Алматы, 2009 ж.
6. Ж.Коканова «Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны». автореферат. Алматы, 2010 ж.
7. Ә.Диваев «Тарту». Алматы, 1992ж.
8. «Ақылдың көзі» (мақал-мәтелдер жинағы). Алматы, 1992 ж
9. «Қазақ мақал-мәтелдері». Алматы, 2010 ж.

ӘӨЖ 811.512.122'373

#### **ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

**Наурызбек Аидана Өлтенқызы**  
**Таупыкова Айгерім Ардаққызы**

[Aidana-able@mail.ru](mailto:Aidana-able@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті  
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Тәжірибеде сөйлемнің негізгі құрамымен тікелей байланысқа түспей, онымен мағыналық жағынан қарым-қатынаста тұрып ойды, хабарды білдіретін сөздер тобы кездеседі. Ондай сөздерді Р.Әміров «Жай сөйлемдердің құрамында қыстырма ретінде кірігіп жұмсалатын компоненттер» деп көрсетеді. [1, 95]. Қыстырма компонент сөйлемнің айтылу мақсатымен, мазмұнымен байланысты болып келеді де, грамматикалық жүйеден оқшау тұрады, ал ол оқшаулану қыстырма сөздердің өзіне тән интонациясынан байқалады. Сондай қыстырма компонент, оқшау сөздің бір түрі – тіліміздегі қаратпа сөздер. Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын өзіне аудару мақсатында сөйлеушінің (кейіпкердің) сөзінде, әсіресе, ауызекі тілде жиі ұшырасады. Сонымен қатар көркем әдебиетте, ұранды, үндеу, бұйрық, диалогтарда, шешендік сөздер мен поэзияда да қолданылады. Қаратпалар өзі қатысты сөйлемдегі ойды жеткізуде пікірдің кімге арналғанын анық білдіру үшін қызмет атқарып, белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалады.

Қаратпа сөздер, негізінен, жалқы есімдерден жасалады. Олар сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлі грамматикалық тұлғада жұмсалып, түрлі интонациямен айтылады. Мысалы:

- *Мұның қалай, Әлима, алдымен жолдастарыңды үйге кіргізіп, сонан соң жөн сұрамайсың ба? Кәне, Нұрлан, үйге кір, - деп осы жерде өзім өктемдік еттім.*

Сөйлемдердегі Әлима, Нұрлан қаратпа сөздерінің грамматикалық тұлғасы бір болғанымен, айтылу мәнері, назар аудару интонациясы әртүрлі екені анық.

Адам есімдерінің модаль мәнді қосымшалы түрлері қаратпа сөз қызметінде жұмсалғанда, сөйлеуші жақтың қошаметін, ізгі ілтипатын, ыстық ықыласын білдіреді.

- *Мұха, бұйымтайыңызды айтпадыңыз-ау. Мен ренжімесін десеңіз, ана қыран құсымды ала кетіңіз. Алыңыз...*

- *Қайран Мұха, топырағың торқа болсын!*

Адам есімдеріне экспрессиялық мән үстеуде «жан», -*ау/-еу* қосымшасы мен демеуліктерді қосып айту қалыптасқан. Бұл тұлғадағы қаратпа сөздер еркелету, налу, ренжу сияқты эмоционалдық реңкті білдіру үшін қолданған.

Мысалы: - *Неменеге келесің? Әй, әй, Жолбай-ай, ауыл толы қыздар жүргенде мені не қыласың?*

- *Жолбай-ау, өзің тоңасың ғой, - деді Әсила.*

- *Көбеген-ау, саған на болған? – деді абыржыған ол.*

- *Жеңісжан, қалай лақтырып едің? – деп сұрайды менен.*

Кісі аттарын білдіретін жалқы есімдер тәуелденіп келіп, қаратпа сөз ретінде жұмсалғанда сөйлеушінің кекесін, мысқылын не өктемдігін білдіреді.

Туыстық, отбасылық қарым-қатынасты білдіретін *ана, ата, әже, шеше, ана, бала, ұл, қыз, келін, күйеу, құда*, т.б. сөздер қаратпа сөз ретінде көркем шығармада да, ауызекі сөйлеу тілінде де өте жиі қолданылады. Олар, негізінен, ойдың кімге бағытталғанын дәл көрсетсе, тәуелденіп (1 жақта) айтылу арқылы меншіктік, сыйластық қарым-қатынасты да білдіре алады.

Мысалы: - *Аға, өзіме беріңіз... Жаным аға... –деп жылап келіп қолыма жабысты.*

*Уә, жол болсын, балам!*

Адамның жас, жыныс, әлеуметтік ерекшелігіне байланысты айтылатын *ақсақал, бәйбіше, батыр, азамат, жігіт, қарындас, бойжеткен*, т.б. сөздердің үндеу амалы қызметіндегі орны сөйлемнің айтылу мақсатына, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы адами қатынасқа байланысты анықталады. Мысалы:

- *Е, батыр-ау, басыңды көтер, кәне, енді әңгімелесейікші.*

- *Қарындас, сіз сырт қарағанда, тәуір адам сияқтысыз, бірақ сыймай, қапаланып келдім, - деді онан соң Жұман күрсіне отырып, -Ау, өзің соқырсың ба, қалай, жігітім? Отын емеспіз ғой...*

- *Мұның қиын сұрақ екен, інішегім. – Азаматтар менің басымды текке қатырып, уақытымды алмауларыңызды өтінемін.*

Жасы кіші адамға, балаға, жақсы көрген адамға немесе бейтаныс адамға қаратылып айтылатын біршама сөздер қаратпа қызметінде экспрессивті-эмоционалды реңкке аса бай болып келеді. Жазушы С.Мұратбектің әңгімелеріндегі қаратпа сөздердің қолданысына көңіл аударалық.

-*Қарағым, үйіңе несіне асығасың? Екі-үш күн қонақ болып қайтсаң етті. Шырағым, азғырушың сайтан болса, азбайтұғын пенде жоқ дейді ғой. Айналайын-ау, шынымды айтсам, менің де қайтқым келмейді. Досым-ау, мұндай қыздар аса көп емес қой, -деді бір сәт жабырқаған үнмен. Шырағым, сенің жат жұрттық жан екеніңді мына анаң екеуіміз туганыңда-ақ білгенбіз. ... Құрбым, сіз семьялы адамсыз ғой, мұныңыз жарамайды, -деді бір күні қыз түсін суытып.*

Атау тұлғадағы жекеше, көпше түрдегі, тәуелденген, тәуелденбеген зат есім сөздер, сонымен қатар заттанған есім, сын есім сөздердің қаратпа түрінде қолданылуы жиі кездеседі. Шағын әңгімелерін ұзақ суреттеу, мінездеу, баяндаулардан гөрі кейіпкерлер сөзі,

содан туындаған іс-әрекет, психологиялық жай-күйге құратын жазушы үшін бұл да бір тәсіл іспеттес.

Мысалы: - *Кемпір, сен барып бір айналып келсең қайтеді, міне мылтық...*

*Япырай, көрші-ай, мен не істейін, не істе дейсіз маған. Кәне, шал, шақшаңды алып кел ... Тентегім, дауысыңнан айналдым, Жә, Жә, Жануар жемді қайтып келген соң жейсің, айтпесе, кешігеміз, деп қойды Сатай.*

Бір немесе бірнеше сөзден жасалған, анықтауышпен тіркесе айтылатын қаратпалар да көркем образды суреттеу қызметін атқару мақсатында жиі қолданылады.

Мысалы: - *Ой, жаңа туысқан, бұл жерді тоғай еткенде саған түсер пайда не? дескен әжуалап. Ақымақ қыз, суық тиеді ғой, ки аяқ киміді, -деді ол бұйырып, - ертең қайтарда ауырып қаласың. Не болды саған, кішкене қыз? – деді Дариганы иығынан құшақтап. - Дариға, ақымақ қыз-ау шының ба?*

Сөйлемдегі қаратпа сөздің бірі Дариға үндеу үшін яғни назар аударту үшін жұмсалса, екіншісі (ақымақ қыз-ау...) еркелік үстеу үшін пайдаланылған.

Тіліміздегі *әй, ой, ей*, одағайларының да қаратпа сөз ретінде қолдануылу тәжірибесі бар. Мысалы: *Әй, ана қара ішікті киіп ал тоңасың, -деді. Оу, қайда кеттің? –дедім дауыстап.*

Қаратпа сөз ретінде дөрекі сөздер де қолданылады. Мысалы:

- *Оңбаған-ау, жерді тас-талқан ғып жыртықанда көрмедің бе?*

*Әй, ит, ала алмай жүрген өшің бар ма еді, ашаңа арандата жаздадың ғой, -деді Қайрақ тістене әзілдеп. Қайрақ: «Ой, сорлы-ау, азын-аулақ тиын-тебен алғанға сонша есірмесеңші, мен шындап ойнасам тақияда тамтығыңды қоймаймын ғой», - деген әзілдеп.*

Құдай, алла, жасаған, тәңірі, ата-баба аруағы, періште, әулие, әмбие, т.б. сөздер де қаратпа қызметін атқарады. Мысалы:

*Е, құдай, -деді аруақтарға күбірлей жүріп сиынған Уәзипа, осы жерде тұрақтасақ екен. Қу құдай, шұнақ құдай, көрген опам осы ма?*

Қаратпалар – «сөйлем ішінде басы артық, жолдан ілесе салған элементтер емес» [2, 103], олар модальдықты, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысты білдіретін элементтер болып табылады.

Қаратпа сөздердің сөйлемдегі орны да (сөйлемнің басында, ортасында, соңында), қаратпа болатын сөздердің түрлі грамматикалық тұлғамен келуі де белгілі бір дәрежеде олардың стильдік қызметін толықтыра түседі.

Қаратпалардың өз ерекшелігі, қолданылу аясы бар. Кез-келген тілдегі қаратпа сөздер ең алдымен адресаттың көңілін аудару, екіншіден, онымен байланыс орнату, үшіншіден әлеуметтік ерекшелігін, белгісін көрсету, төртіншіден, коннотативті қызмет атқару үшін қолданылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолданылатын қаратпа сөздер антропоним қаратпалар және аппелятив қаратпалар деп бөлінеді.

Барлық халықтың болмыс тіршілігінде жалқы есімдер ерекше орын алады. Күнделікті тілдік қарым-қатынас кезінде ең көп қолданылатын қаратпа түрі – адамның азан шақырып қойған аты. Кісі есімін қаратпа ретінде қолдану оған берілген эмоциялы реңкке, ондағы экспрессивтілікке, т.б. байланысты тілдік этикет формасы ретінде ерекше жақындық пен сыйластық туғызады.

Қазақ тілінде адам атының толық формасы да, қысқа формасы да қолданылады. Адам атының толық формасы ресми жағдайда да, бейресми жағдайда да қолданыла береді. Ал адам атының қысқа түрі көбінесе жақын таныс, туыс немесе дос-жарандар арасына ресми, бейресми жағдайларда қолданылады. Ресми орындарда адам атына тегін тіркестіріп те қаратпа сөз ретінде қолданады. Сонымен қатар қарым-қатынас барысында әкесінің атын есімімен қоса айтатын орыс тілінен енген этикет формасы да қолданылады. Ол ресми жағдайда немесе таныс емес адамдар арасында қолданылады. Қазақ тілінде кісі есіміне экспрессивті-эмоционалды реңк беретін қосымшаларды қосып қолдану адам есімін түрлендіріп, қаратпа ретінде жұмсау кең етек алған.

Коммуникативті қатынас барысында кісі есіміне туыстық атауларды қосу арқылы

жасалатын қаратпаларды жиі кездестіреміз. Мұндай сөз тізбектері қазақ тілінде мынадай үлгіде жасалады: **антропоним+туыстық атаулар**. Мысалы, *Құдайберген ата, Төлеухан аға, Айнаш ана, Балауса тәте, т.б.*

Қаратпалардың екінші бір тобы адамның әлеуметтік мәртебесін, жасы мен жынысы, мамандығы мен қызмет дәрежесі, білімділігі мен тұрақты жері т.б. критерийлерге тәуелді. Оларды туыстық қатысын, қызмет лауазымын, мамандығын, мінез-құлқы мен жасын т.б. белгілерін көрсететін аппелятив қаратпалар деп айтуға болады. Бұл аппелятив қаратпалардың әрқайсысы коннотативті мағынасына сай эмоционалдық, стилистикалық, экспрессивті, бағалау қызметтерін атқарады. Қазақ тілінде ағайын-туыс арасында қолданылатын, туыстық атаулардан жасалған қаратпалар өте көп. Мысалы, *ата, ана, құда, құдағи, шеше, әже, көке, әке, әпке, аға, тәте, бауыр, нағашы, жиен, жезде, жеңге, балдыз, күйеу бала, келін, құдаша, қайын аға, қайын әпке, қайын бике, қайын ана, абысын, т.б.* Бұл қаратпалардың кейбіреуі жеке де, жалқы есіммен тіркесіп те қолданылады. Мысалы, Жұлдыз көке, Тұрар тәте, Айхан жезде, Құндыз келін, т.б. Кейбір қаратпалардың бір ғана емес, бірнеше мағыналы қолданыс аясы бар. Мысалы, қазақ тілінде *аға* деп өзімен бірге туған жасы үлкен ағасын, әкесінің інісін, немере, шөбере ағасын, аталас адамды, жасы үлкен кез келген ер адамды атайды. Ауылдық жерлерде жиі қолданылатын қаратпа сөз – *аға*. Бұл қаратпа дәулетті адамға ғана емес, ауылдағы сыйлы, құрметті адамға, жас жағынан үлкен кісіге, сондай-ақ, өзінен үлкен бауырына да қарата айтылады.

Қазақ тілінде әйел адамға қатысты: *әже, ана, апай, ана, шеше, шешей, қарындас, сіңлі, қызым, әпке* т.с.с. қаратпалары бар.

Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүріне сай қыз бала тұрмысқа шыққаннан кейін барған жеріне келін атанады. Бұл сөзді жігіттің ата-анасы, жігіттен жасы үлкен барлық алыс-жақын туған-туыс, көрші-қолаң, ауылдас адамдары келінге қарата сөйлегенде қолданады. Тұрмысқа шыққан қыз бала келген жерінің жасы үлкендеріне келін болса, жасы кішілеріне жеңге болады. Бұл қаратпаларға –жан, - тай, аффикстері қосылып, келінжан, жеңгетай түрінде де айтылады. Жеңгенің *жеңеше* түрі де жиі қолданылады. Қазақ тілінде некеге байланысты, қайын жұртқа қатысты қаратпа сөз ретінде қолданылатын туыстық атаулар да өте көп. Олар мағынасы мен қолданыс аясына қарай топтастырылып, белгілі жүйені құрайды. Мысалы, келін ерінің туысқандарын қайын ата, ене, қайын аға, қайын әпке, қайын апа, қайын сіңлі, қайын бике жалпы қайын сөзімен тіркесетін атаулармен атайды. Қазақ салтында жеңгесі күйеуінің інісін қайным деп атайды. Ұлтымыздың қалыптасқан дәстүрі бойынша келін түскен ауылының үлкен-кішісінің атын атамай, оларға лайық ат қойған. Ол аттар үлкен-кішінің жолы мен жас ерекшелігіне, түрі мен мінезіне, кәсібі мен қызметіне қарай қойылған. Мысалы: Кенже бала, Мырза бала, Күлімкөз, Айнамкөз, Жақсым, Ерке бала, Жақсы аға, Қара бала т.б. Қазақ дәстүріндегі табу бұрыннан сақталған мифологиялық наным-сенімдерге байланысты. Ат тергеу барысында адам есімдері қысқартылады немесе мүлдем қолданылмай, жоғарыда сөз болған аппелятивтер пайда болады. Бұл құбылыс тіл мен ділдің өзара әсерінің нәтижесінде туған. Ат қою барысында эмоциялық-экспрессиялық реңк үстем болады. Мысалы, жеңгелері қайындары мен қайын сіңлілеріне ат қойғанда жақсы көру сезімі, сұлулыққа, сүйкімділікке баулу, мінезінің жағымды жағын көрсету, жақсы бір қасиетін атау, т.б. оның ішкі жан дүниесінің күйімен астасып жатады.

Қорыта келе, қазақ тіліндегі қаратпа сөздерді қарастыра отырып, қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалардың қолданылуында жас ерекшелігі негізгі критерий есептелетіндігіне көз жеткіздік. Сол сияқты салт-дәстүр, үлкенді сыйлау, туыстық қарым-қатынасты сақтап қалу үрдісі де байқалады.

Кез-келген тілдегі қаратпа сөздер ұлттық – мәдени ерекшеліктің бір көрінісі ретінде қызмет етеді. Олар сыпайылық, әдептілік, мәдениеттілік ұғымдарымен ұштасып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысының айғағы болады.

#### Қолданылған әдебиет

1. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар, 2010.-192б
2. Қазақ тілінің грамматикасы Синтаксис. – Алматы 1967.-188б

ӘӨЖ 821.512.122-3.09

## **«ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ Ә.НҰРПЕЙІСОВТІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ**

**Нұрлан Салиық**

saliykh\_95@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қай заманда болмасын адам баласы тіл арқылы дүниенің бейнесін танып білуге, жаратылыстың кескін-келбетін, өмірдің мәнін түсініп ұғуға, түйгенін жеткізуге тырысқан. Содан келіп, бүгінгі таңда тіл ғылымында тілді жасаушыға, тұтынушы адамға, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық артып, жаңа бағыт, жаңаша зерттеулер пайда бола бастады.

«Сөйлеуші адамның» табиғатын, болмысын тану әрекеті В.Гумбольдттің «халықтың рухы», «сана инстинкті» туралы, И.А.Бодуэн де Куртененің «тілдік түсінік», «халықтың тілді сезінуі» туралы пікірлерінен бастау алып, Л.В.Щербаның «лингвистикалық инстинкт», А.А.Леонтьев пен А.М.Шахнаровичтің «тілдік қабілеттілік», Г.И.Богин мен Ю.Н.Карауловтың «тілдік тұлға» туралы зерттеулері арқылы жалғасса, қазақ тіл білімінде арнайы ақын-жазушының тілін талдаған Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (Алматы, 1968 ж.), Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі» (Алматы, 1976 ж.) сияқты еңбектерінде негізі салынған ғылыми үрдістің жалғасы қазіргі таңда Б.Нұрдаұлетова, Г.Мұратова, Ш.Елемесова, Ш.Ниятова, Ф.Қожахметова, Г.Имашева және т.б. зерттеулері арқылы өзіндік сала ретіне дамып келеді [1].

Ғалым Ю.Н.Караулов еңбектеріндегі толықтай сараланып жүйеленген «тілдік тұлға» теориясындағы: «тілдің шекарасынан аспай, ауқымнан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес...адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың,» – деген пікірімен ғалымдар бір ауыздан келіспеске болмас [2,7].

Көптің бірі дара тұлға бола бермейді, ал «тілдік тұлға» болу қиынның қиыны. Жалпы тілдік тұлғаларға тән мынадай өзіндік қасиеттері болуы шарт.

Зерттеуші Ғ.Қ.Хасановтың айтуынша, «тілдік тұлға атану үшін ірі көлемдегі жеке тұлға болу аз. Ол үшін жеке тұлғаның тілін танытатын өткір сөз бен өлмес шығарма керек. Осыған орай, тілдік тұлға атану үшін ақын, жазушы не ғалым, шешен болу керек екендігі түсінікті» [3,...]. Демек, тілдік тұлға болу үшін артына «өлмейтұғын сөз» қалдыратындай сөз өнерін жетік меңгерген және өзіне ғана тән көркемдікке толы сөйлеу мәнері, сөз саптауы, жазу стилі бар тіл майталманы болуы тиіс. Әсіресе, біздің халқымыз «орақ ауызды, от тілді» азаматтарды ерекше қастерлеген. Өйткені, дау-дамайды қарумен ғана емес, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шеше білген қазақ елі сөз құдіретін жақсы түсініп, сөз маржандарын әрдайым жанына жақын тұтқан.

Кәрібаева С.Е. өз зерттеуінде «тілдік тұлғаның қаруы – сөз, ісі – халыққа игілікті қызмет, жан-дүниесі – өз ұлтының, халқының аяулы перзенті бола алуы» дегеніндей, жай ғана шығармашылық адам болу жеткідіксіз [4,5]. Халқының мұң-зарын, арман-мақсатын, жан тебіренісі мен көңіл толқынын жеріне жеткізе айтып, тіл арқылы ұлтының дүниетанымын, сана сезімін, ой-өрісін көрсетіп, ұлтының көңілінен шыққан шығармасы халықты «игілікке» жеткізетін, ұрпақты жақсылыққа баулып, бақытқа үндейтін құрал іспетті болса ғана, елін-жерін сүйетін, жұрты қадірлейтін азаматтық тұлғасы таныла түседі.